ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
«ҚҰРМАНҒАЗЫ ДЕЗИНФЕКЦИЯ СТАНЦИЯСЫ» ЖШС

060400, Құрманғазы ауылы, Ж.Нигметов көшесі, 7 үй.
теле/факс: 8 (71233) 2 50 01, тел: 2 51 59
СТН 150300001164, БСН 000240006293
Есеп шот № KZ596010141000009893
«Қазақстан Халық банкі» АҚ, БИК HSBKKZKX
e-mail: dezinfekcia@mail.ru

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
КУРМАНГАЗИНСКИЙ РАЙОН
ТОО «КУРМАНГАЗИНСКАЯ ДЕЗИНФЕКЦИОННАЯ СТАНЦИЯ»

060400, село Курмангазы, ул. Ж. Нигметова, дом 7.
теле/факс: 8 (71233) 2 50 01; тел: 2 51 59
РНН 150300001164, БИН 000240006293
Р/счет № KZ596010141000009893
АО «Народный банк Казахстана» БИК HSBKKZKX
e-mail: dezinfekcia@mail.ru

Шығыс № 12 « 28» ақпан 2024 ж.

Бірлік ауылдық округінің әкімі
Г. Абенова ханымға

Қазақстан Республикасының 07.07.2020 жылғы «Халық денсаулығы және Денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне 21.05.2022 жылы енгізілген өзгерістер бойынша, аталған Кодекстің 17-бабының 1-бөлімінің 5-тармақшасында: «Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтер лицензиялау арқылы жүзеге асырылады» деп жаңадан өзгерістер енгізілген.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістерді негізге алып, бізбен 15.01.2024 жылы аудан әкімінің орынбасары А.Муратовтың атына арнайы хат дайындалып жолданған және аудан әкімдігіне қарасты ауылдық округтер әкімдеріне сол өзгерістерді негізге алуға деп хаттар таратылды.

Осы күнге ауылдық округтердің көпшілігі жоғарыда көрсетілген өзгерістерді қолданып, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 13-бабына сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырды.

Осыған байланысты, Сізбен 2024 жылға жоғарыда көрсетілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 13-бабына сәйкес, арнайы портал арқылы дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын жүргізуге тапсырыс беру кезінде, өнім берушінің арнайы лицензиясы барын талап етуге құқылысыз.

Атап айтқанда, арнайы порталға тапсырыс енгізу кезінде, жоғарыда атап көрсетілген Кодексіне енгізілген өзгерістерді басшылыққа алып, **бірінші санаттағы рұқсаттама (разрешение первой категорий (лицензии) тізіміндегі «L60» - «медициналық белсенділікті» (медицинская деятельность)** таңдап енгізіп, баға ұсынысын жасақтауды ұсынамын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 13 бабына сейкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, техникалық сипаттама (тех.спецификация) жасақтауда 22.07.2022 жылғы ҚР Денсаулық сақтау Министрінің №ҚР ДСМ-68 санды бұйрығымен бекітілген «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидасын басшылыққа алынса деген қосымша ұсыныс білдіремін.

Себебі, Қағиданың 1,2,4 және 7 тарауында дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау қызметтерін көрсететін жеке және заңды тұлғаларға қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар нақты көрсетілген.

Алға қарай да сенімдеріңізден шығып, қызмет көрсетуге дайынбыз.

Директор: **Аюпов Т. Е.**